



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

педагог – жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын – жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деп баға береді [4].

Қорытындылай, қазіргі жас буын жан – жақты терең білімді, саяси – экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол. Жалпы Ыбырайдың бұл ой – мақсаттары қазір де еш маңызын жоғалтқан жоқ, тіпті бүгінгі заманның көкейкесті мәселесіне айналып, елімізде бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауда өз қажеттілігі көрсетіп отыр. Өйткені қай дамыған елдің өсу жолына көз жіберіп қарасақ та жастардың білімін кәсіби деңгейде жоғары даярлау – ілгері басудың, тұрақты дамудың алғы шарттарының бірі екендігін байқаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. А, 1975 ж..
2. Оспанұлы С., Алтынсарин әлемі. Қостанай: Центр ЖШС, 2018 ж. 294 б.
3. [http://zhalagash – kitap.kz/ar – turli/10 – ar – turli/22 – ybyrai.html](http://zhalagash-kitap.kz/ar-turli/10-ar-turli/22-ybyrai.html)
4. М. Ә. Мұстафина // Ы. Алтынсариннің шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы.

file:///C:/Users/User/Downloads/1365 – 1 – 2635 – 1 – 10 – 20151016.pdf

ӨОЖ 37.034

ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРБИЕ – БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ

*Шағатаева Сания Мержакуповна
Макенова Баржаксы Нурлыбековна
Сакаева Дарина Есенгельдиновна
бастауыш сынып мұғалімдері
Ғ. Қайырбеков атындағы №9
жалпы білім беретін мектебі
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: b_saniya_m@mail.ru*

Аңдатпа

Спандияр Көбейұлы – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы. Өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы насихаттаған. Сол бағытта Спандияр Абай мен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайық дамытты.

Түйінді сөздер: білім, заманауи, ағартушылық, идея, инновация.

Аннотация

Спандияр Кубеев следуя примеру своего учителя Ибрая Алтынсарина, он пропагандировал идею просвещения через педагогическую деятельность. В том же направлении Спандияр продолжил и заслуженно развил демократическую, просветительскую идею в казахской литературе, основанную Абаем и его учителем Ибраем Алтынсариним.

Ключевые слова: образование, современность, просвещение, идея, инновации.

Abstract

Spandiyar Kubeev is a teacher – writer of the style of Ibray Altynsarin. He took the path of his teacher as an example and promoted the idea of enlightenment through his pedagogical activity. In the same direction, Spandiyar continued and developed the Democratic, educational idea of Kazakh literature, which was founded by Abai and his teacher Ibray Altynsarin, worthy of a new situation.

Key words: education, modernity, Enlightenment, idea, innovation.

Спандияр Көбейұлы – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі. Ол өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы халыққа насихаттаған. Бұл бағытта Спандияр Көбеев Абай Құнанбаев пен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайық дамытты.

Спандияр Көбеевтің жазушылық өнегесінде Ыбырай Алтынсарин тәрбиесі айрықша сезіледі. Ол да, оның замандасы, ақын және аудармашы Бекет Өтетілеуов те Ыбырай мектебінің түлектері еді. Олар алған білімін жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсаған ұстаздар болды да, осы жолда ағарту ісіне көркем әдебиетті пайдалана білді. Олар өздері шығармалар жазып, орыс және әлем әдебиетінің үлгілерін қазақшаға аударды. Сондай – ақ, Ыбырай үлгісімен оқу құралдарын құрастырып жазды. Мұның бәрі үлкен әдебиетке баратын жол еді. Және ол әдебиеттің ағартушылық бағытын тереңдете

ұстанған жалпы әдеби дамудың бір саласын құрады. Қазақ даласына алғашқы үлгідегі халықтық мектептер ашу тарихындағы Ыбырай еңбегі бүгін әркімге аян. Оның қандай қиыншылықпен іске асқаны да белгілі. Бұл мектептерде оқу жаңалыққа құлақ түріп отырған жаңа заман жастарының қай – қайсысына болса да арман еді. Әсіресе, Ыбырай өзі қызмет еткен Торғай, Қостанай өңірінде ұлы ағартушы ұстаздың атағы да, ісі де кең жайылған – ды. Спандияр да осыны армандаған. Спандияр Көбеев 1878 жылғы қазан айының 1 күні қазіргі Қостанай облысы, Боровский ауданының Ақсуат ауылында кедей шаруа семьясында дүниеге келген. Бірде әкесімен бірге көрші ауылдағы бір тойға барып, сонда Ыбырайды көру баланың оқуға деген ынтасын ерекше арттырып жіберген оқиға болды. Ыбырай Алтынсарин сол ауылда мектеп ашу ісін көтеріп жүр екен. Халықтан қаржы жинап, мектеп ашу мәселесі шешілгенімен, оның жүзеге асуы созылықырап барып, көптеген қиыншылықтарға тап болады. Тізімге алғашқылардың бірі болып жазылған Спандиярды мектеп ашылған күні тізімнен өшіріп тастапты. Оған сол елді билеп отырған би болыстардың ықпалына ерген әкесі себепкер болды. Ыбырай Алтынсарин Спандиярдың білімге деген құштарлығын көріп, ол мектепке алынады және үлгілі, тәртіпті, зейінді, алғыр оқушылардың бірі болады. Ұлы ұстазы алдында жаутаңдап, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандаған – ды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман – тілегі еді. [1, б. 12]

Содан кейінгі жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте білім алады да, Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс – қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Енді ол осы қаладағы жаңадан ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, оны 1901 жылы бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады. Осы жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. Ол өзінің ұзақ та жемісті ұстаздық еңбек жолын «Орындалған арман» (1951) атты мемуарлық кітабында баяндады. Жазушы шығармасында бастан кешкен дәуірдің нақты тарихи деректерін негізге ала отырып, әлеуметтік – қоғамдық құбылыстарды шынайы суреттеді, көптеген адам образдарын бейнеледі. Көбеев ұстаздық жұмысы мен жазушылық қызметін тығыз байланыстыра жүргізді. Өзі оқытқан шәкірттерінің кластан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржіме» деген атпен жеке кітап етіп бастырды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихы үшін Спандияр Көбеевтің орны ерекше. Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы өмірін туған халқының мәдениет пен білім жолында ілгері ұмтылуына арнады. Жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп, жас ұрпақтың орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйренуге баулып, бар күшін салады. Бұл саладағы қызметін Спандияр Көбеев ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. 1912 жылы Спандиярдың «Үлгілі бала» атты кітабы шықты. Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Ұлы ұстазы Ыбырай үлгісін негізге ала отырып, бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғаттың түрлі құбылыстарымен таныстыратын, өсімдік, жануарлар әлемі туралы білім беретін әр алуан қызықты қысқа әңгімелер кіргізді.

Спандияр Көбеевтің қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны – оның революциядан бұрынғы әдебиетте прозаның тууына, ондағы роман жанрының қалыптасуына сіңірген еңбегімен байланысты. 1913 жылы Қазанда басылған жазушының «Қалың мал» романы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш көлемді прозалық туынды болып саналады. Романда Революция алдындағы қазақ ауылында болған қат – қабат әлеуметтік өзгерістер шынайы суреттелген, дәуір шындығы боямасыз көрсетілген. Романда қалың мал әлегі, қазақ қызының аянышты да арманды тағдыры нанымды бейнеленумен қатар, дала тіршілігіндегі әлеуметтік теңсіздіктің, жолсыздықтың сан алуан көрінісі батыл әшкереленген. Ел билеуші әкімдер мен үстем тап өкілдеріне қарсылық білдірген кедей бұқарасының әрекеті шыншылдықпен суреттелген. «Қалың мал» романы – тілінің тазалығы, көркемдігі жағынан да өзімен тұстас прозалық туындылардан өзгеше шығарма. Жазушы романында халықтың сөз байлығын, мақал – мәтелдерін орынды пайдаланған, кейіпкерлер мінезін даралап көрсеткен. Спандияр Көбеев екі рет Ленин орденімен наградталған. Өз дәуірінің прогресшіл талап – тілектеріне жауап беруге тырысқан, орыс мәдениетінің жаршысы бола білген және ұлттық әдебиетте тұңғыш роман жазған Спандияр Көбеевтің есімі XX ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихынан құрметті орынға иеленді. [2, б. 56]

Болашақ педагог – жазушы өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырады. «Ыбырайдың өлімі менің оқытушы боламын деген ынта – ниетімді біржолата баянды етіп бекітті», – дейді. Жүрегі надандық торына шырмалған өз халқына деген сүйіспеншілік пен оған білім шырағын жағу үмітіне толы жас жігіт жердің шалғайлығына қарамай Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарайтын Кішіқұм деген жерге оқытушы болып барады. Арнаулы салған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетпеуі, балаларын орысша оқытуға наразы ел ішіндегі надан көзқарас – бәрімен жас мұғалім жалғыз күреседі. Сөйте жүріп, балаларға арнап «Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала», «Орындалған арман» секілді асыл туындыларды дүниеге әкеледі. Осылардың ішіндегі 1951 жылы жарияланған «Орындалған арман» мемуарлық кітабының орны ерекше. Кітап

өңделіп, 1954 жылы екінші рет басылды. «Орындалған арман» – педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар тағдыры арқылы көрсетеді. Кітапты оқып отырып, ең алдымен, өз ғұмырын халқына арнаған, талай қилы кезеңдер, қалтарысы мол жылдардан өтіп, өз еңбегінің жемісіне ие болып, республиканың көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт педагог – жазушының бейнесі көз алдынан өтеді. Кітапта сол адамның күрескерлікке толы ескі және жаңа өмірі нанымды суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, бірге араласып жүреді. Сондықтан оның қандай оқиғаға болмасын өз көзқарасы, өз қатынасы бар. Ескі қазақ ауылындағы тап тартысы, байлар мен кедейлер арасындағы кейін саяси бағыт алған стихикалық соқтығысулар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының қазақтарға әсері, 1916 жылғы көтеріліс, орыс – қазақ достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар, кейде шағын эпизодтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпашылықты бірге көтереді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды. Қараңғылық пен надандықтан халқын құтқарып, ілімнің ұрығын себуге талаптанған ол бала оқытады, елді тәрбиелеуге көмектесерлік әдеби шығармалар жазады. Қазан революциясынан кейін ол халық арасында Кеңес өкіметінің мәнін, оның саясатын насихаттаушылардың алдыңғы қатарында жүреді. Кітапта Ыбырай Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге бірсыпыра көңіл бөлінеді. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы – педагогтің образын жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды. «Қара бақсының хикаясы», «Надандық құрбаны» атты тарауларында ескі ауылда етек жайып, оны рухани жүдеткен қараңғылық пен надандықты әшкерелейді. Ауылдағы тап тартысы, кедейлердің егіндік, шабындық жерлерін тартып алған байларға қарсы бой көтеруі, байлардың олардан «кек қайтару» озбырлығы – кітаптың бірқатар тарауларының («Зорлық», «Мұз үстіндегі айқас», т.б.) мазмұнын құрайды.

Спандияр Көбейұлы тек оқу – ағарту майданында ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орын алады. Оның ағартушылық, педагогтік және жазушылық қызметі өзі өмір сүрген заманның талабынан туды, халықтың рухани тілегіне жауап берді.

Қаладан шалғайда, қараңғылықтың қаймағы бұзылмаған заманда Ыбырай байдың ауылы сияқты жерлерде Көбеев те осы тәрізді сорақылықтарға ұшырасты. Оларды жас ұстаз ақын Крылов үлгісімен сынауға тырысты. Мұның бәрі заманның талабы еді.

Зорлық пен әділетсіздікті ғана емес, надандық пен тоғышарлық, мақтаншанқтық пен көрсеқызарлық, әлім білмай, қолдан келмес іске ұмтылушылық сықылды өрескел қылықтарды да Көбеев Крылов мысалдарын аудару арқылы сынға алған. Мысалы, ол “Маймыл мен көзімдірік” атты мысалда біреудің айтуымен көзілдірік алып, оны іске жарата алмаған маймылды күлкі етеді.

С.Көбеевтің бұл кітабы – «Үлгілі бала» 1912 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Ол бастауыш мектептегі қазақ балалары үшін оқу кітабі ретінде құрастырылған. Оған автор өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғат жайлы балаларға мәлімет беретін қысқа – қысқа әңгіелерді кіргізген. «Үлгілі бала» С.Көбеевтің өзінің бірсыпыра тәл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер. [3, б. 61]

«Жетімнің өлеңі» атты шығармасында автор жастай жетім қалған баланың аянышты тағдырын суреттей отырып, жалпы халықтың азаттығы идеясын қозғайды. «Үлгілі бала» кітабының маңызы оның алғашқы оқу кітаптарының бірі екендігінде ғана емес, ондағы шығармалар Спандиярдың жазушы ретіндегі демократтық, ағартушылық көзқарасының толыса түскендігінің айғағы тәрізді. 1955 жылы Испандияр «Орындалған арман» атты мемуарлық кітап жариалады. Кітап 1954 жылы өңделіп, 2-ші рет басылды. «Орындалған арман» – педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар тағдыры арқылы көрсетеді. Кітапты оқып отырғанда, ең алдымен, өзінің көп жылдық өмірін халық қызметіне арнаған, екі дәуірді басынан кешірген, талай қилы кезеңдер, қалтарысы мол жылдардан өтіп, халқына адал қызмет еткен, көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт пен педагог – жазушының бейнесі көз алдынан өтеді, оның көзқарасының қалыптасуы нанымды суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, С.Көбеев өмірге етене араласып жүреді. Сондықтан оны қандай оқиғаға болмасын өз көзқарасы, өз қатынасы бар. Жазушы өз бейнесін қызық етіп ұстайды да, ескі қазақ ауылындағы байлар мен кедейлер арасындағы стихикалық қақтығыстар, жер бамуы, жеріс дамуы, 1905 жылы алғашқы орыс төңкерісінің қазақтарға әсері, 1916 жылы көтеріліс, орыс – қазақ достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар, кейде шағын эпизодтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпашылықты бірге көтереді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды.

Ұстазы Ы.Алтынсариннің ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алған С.Көбеев 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бастауыш сынып балаларына арналған бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Сонымен қатар өзінің

бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер болды. Бұл шығармалар баланы боссөзділік, өз мінін білмеушілік, жалқаулық, мақтанқұмарлық, қолдағыны місе тұтпаушылық сияқты жаман әдеттерден аулақ болуға, оның орнына адал, еңбекқор, қайырымды болып жетілуге тәрбиелейді. Спандияр Көбеевтің «Баланы семьяда тәрбиелеу» атты еңбегін әлі күнге дейін маңызды деп санауға болады. Ол: «Бала тәрбиесі қиын да, қызықты да жұмыс. Тек жалықпаған мұғалім ғана бұл жұмыста ойдағыдай нәтижеге жетеді. Дегенмен, баса айтатын жағдай мектеп тәрбиесі мен семьяның тәрбиесі тығыз ұштасып, бір жерден шыққан күнде бұл нәтиже әрі дәйекті, әрі тиянақты болмақ. Оның себебі әр баланың мінезінің бір – біріне ұқсамайтыны сияқты, әр семьяның тәрбиесі де әркелкі. Әрбір ата – ана баласына өзінше ақыл айтып, өзінше тәрбие береді», – деп бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің ынтымақтаса жұмыс жасауына көп көңіл бөледі. Сонымен қатар бала тәрбиесіндегі келеңсіз жағдайларды өз тәжірибесінде қалай пайдаланғандығын да келесі жолдардан көруімізге болады. [4, б. 9]

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеев қазақ халқының, әсіресе жастары үшін жасаған еңбектері елеулі. Олар қайтсем де халқымның білімге деген құштарлығын дамытып, ауыл жастарының сауатты, мәдениетті, білімді болып өсу үшін бірқатар еңбектерін жазып, ауыл – ауылдарға тартты. Спандияр Көбеев елу жылдан аса мұғалімдік қызмет атқарып, оның алдынан Қазақстанның талай білімді ұландары өтті. Ол – қазақ әйелінің қоғамдағы орны, ауыл кедейлерінің көріп жүрген қорлығы, патриархалдық тұрмысты әшкерелейтін қазақ тілінде жазылған тұңғыш романның авторы болды. Ол кеңес үкіметін қолдағанымен, тек 1940 жылы ғана оған мүшелікке өтті. Ол өз ұстазы Ыбырай Алтынсариннің қызметін негізге ала отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу және білім беру мәселелері бойынша мақалалар жазды. Шәкірт Спандияр Көбеев ұлағатты ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің еңбегін жалғастырып қана қоймай, оның идеясын өз заманында шебер қолдана білді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. С.Мақырұлы, Т.Сыдықов. Астана, «Фолиант», 2007 ж.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Г.С.Умаров, С.Ф. Шарабасов. Астана, «Фолиант», 2007 ж.
3. Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап, Ш.Ахметов. «Арман ПВ», 2004 ж.
4. Орындалған арман. С.Көбеев. Алматы, «Жазушы», 1988 ж.

УДК 371

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Ы.АЛТЫНСАРИНА КАК ОСНОВА ИННОВАЦИОННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ ШКОЛЕ

Шарденбаева Динара Жумартовна
учитель начальных классов

Полуян Татьяна Валентиновна
учитель начальных классов

КГУ «Общеобразовательная школа N11
отдела образования города Рудного»

Управления образования акимата Костанайской области

г. Рудный, Казахстан

E-mail: dinarasardenbaeva@gmail.com

Аннотация

Актуальность и цель. Педагогическое видение Ибрая Алтынсарина в данной работе говорит о его актуальности и значении в системе образования в настоящее время. Через приобщение молодежи к образованию и науке, он призван раскрыть интерес к образованию и знаниям в прошлом простого народа. На сегодняшний день страна ориентирована на кардинальные изменения в сфере образования и его адаптацию к современным реалиям и совершенствованию качества образования в нашем государстве. Будет рассказано об учебно – методической работе Ибрая Алтынсарина, связывающей прошлое и настоящее отечественного образования.

Ключевые слова: *обучение, воспитание, компетентность, методология, реформа, критическое мышление*

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Аталмыш мақаладаы Ыбырай атамның педагогикалық көзқарасы бүгінгі күннің білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңызы айтылады. Жас өрендерді білім – ғылымға баулу арқылы қарапайым халықтың сауаттылығын ашуды көздейді. Бүгінгі күні еліміздің білім саласындағы күрделі өзгерістер мен оның мемлекетіміздегі білім сапасын жетілдіруге, заман ағымына сай бейімдеуге